

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ ХАЛҚЫНЫҢ АҚШ-ҚА ҚАРСЫ КЕЙБІР ТЕРІС КӨЗҚАРАСТАРЫ

Еркін Әсел Серікқызы

verkin.assel@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
Шығыстану кафедрасының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Абжаппарова Б.Ж.

Оңтүстік Корея мен Америка Құрама Штаттарының қарым-қатынасы жүз жылдан астам уақытқа созылған және ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Корея Республикасы АҚШ-пен тығыз экономикалық, саяси және мәдени байланыста болды. Корей соғысынан кейін (1950-1953) американдықтарды корей халқы Солтүстіктің коммунистік қатерінен құтқарушы және демократияның негізгі қорғаушылары ретінде қабылдай бастады. Кореяның экономикалық ғажайыбының көп бөлігі Американың экономикалық көмегінің арқасында деп айтуға болады. Американың Кореяға ықпалы көптеген салаларға әсер етеді: корей жастарының күнделікті өмірінен бастап, саясат пен экономикаға дейін жетеді. 80-ші жылдарға қарай корейлердің Американы қабылдауы біртіндеп өзгере бастады. Сонымен қатар, Оңтүстік Кореяның АҚШ-қа теріс көзқарасы Батыс пен Корей бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ әртүрлі зерттеушілердің назарын аударып бастады. Сондай-ақ, Кореяның экономикалық тәуелсіздігінің өсуімен және оның Шығыс Азияның жетекші елдерінің біріне айналуымен корей ұлтшылдығы антиамериканизммен тығыз байланыста өсіп келе жатқанын атап өткен жөн.

Америкаға деген теріс көзқарастың негізі діни, мәдени, саяси, тарихи және философиялық тәжірибе болып саналады және бұл тәжірибе континенттен континентке әр түрлі болады. Осылайша, Америкаға деген теріс көзқарас немесе антиамериканизм - бұл әр түрлі жолмен әр түрлі адамдар түсінетін күрделі және екіұштылықты ұғым, бірақ жалпы алғанда бұл термин американдық өмір салтына, саясатқа, үкіметке, мәдениетке және Америка Құрама Штаттарының адамдарына деген дұшпандықты білдіреді. Америкаға сыни көзқарастың ұзақ тарихы бар: бастапқыда антиамериканизм американдық өмір салты мен ойдың мәдени сыны болды, алайда Американың ықпалымен қатар әлемнің әр түрлі бөліктеріне тарай отырып, Американизмге қарсы саяси және экономикалық бағытта дамыды [1, 78 б.].

Оңтүстік Корея өзінің тарихында әлемдегі ең американдық елдердің бірі болғанымен антиамерикандықтардың бірі деп те айтуға болады. Сондықтан бұл қызықтыраулық жағдай. ХХ ғасырдың аяғына дейін антиамериканизмнің негізгі өзегі солшыл қозғалыс болды. Онда студенттер маңызды рөл атқарды. Соның арқасында мемлекеттің саяси өмірінде бірнеше рет елеулі өзгерістер болды. 80-жылдары адамдар, соның ішінде кеңестік адамдар коммунизмге көңілі толып, оған деген қызығушылықты жоғалтқан кезде, Кореяда, керісінше, студенттер арасында марксистік идеялар кең танымал бола бастады [2].

Зерттеудің мақсаты Оңтүстік Кореяның Америкаға деген теріс көзқарасының себептерін анықтау болып саналады. Ол үшін осы мемлекеттің тарихына, сондай-ақ оның геосаяси жағдайына жүгіну керек, өйткені ежелгі дәуірден бастап және бүкіл тарихи оқиғаларға дейін Корей түбегі өзінің қуатты көршілерінен жиі-жиі жаулап алу әрекеттері болған еді. Оның әсерінен: Корё және Чосон мемлекеттері құлауынан кейін жалғасқан біріккен Силла мемлекеті, XIII-ші ғасырда Кореяны моңғолдармен жаулап алуы, XVII-ші ғасырдың ортасында Цин империясын негізін қалаған Маньчжурияның Кореяны жаулап алуы, 1910 – 1945 жылдардағы Кореяның Жапон Үкіметінің қол астында болуы.

Мұның бәрі, әрине, корей халқы мен олардың өзіндік саналарында белгілі бір із қалдырған еді: басқа мемлекеттердің тәуелсіздікке және Кореяның ішкі істеріне араласуына жасалған кез-келген қол сұғушылықты тұрғындар өте ауыр қабылдап, ұлттық сезімдерін

қорлады [3]. Шетелдіктердің болуы мен ықпалына деген сезімталдыққа байланысты, әскерлердің мәртебесі туралы келісім(SOFA) Оңтүстік Кореядағы антиамериканизмнің негізгі көзі болып есептеледі. Әскерлердің мәртебесі туралы келісім - бұл басқа мемлекеттің аумағында орналасқан әскери контингенттің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын халықаралық келісім. Бұл келісім азаматтық және қылмыстық іс жүргізу, киім кию, қару алып жүру, әскери қызметшілердің қабылдаушы елге кіруі және шығуы, сондай-ақ мүліктің экспорты мен импорты мен өтелуі сияқты мәселелерді шешеді. Келісім қарулы күштерге оған қол қойған елде операциялар жүргізуге мүмкіндік береді. Оңтүстік Кореямен әскерлердің мәртебесі туралы келісімге 1966 жылы қол қойылды. Корей Республикасының ресми статистикасына сәйкес, 1967 жылдан 1998 жылға дейін АҚШ әскери және азаматтық қызметшілері 50 мыңнан астам қылмыс жасаған. 1945 жылдан бері американдық сарбаздар жасаған қылмыстардың жалпы саны шамамен 100 мыңды құрайды [4].

Аталған қылмыстардың ішінде орын алған ең танымалы - 2002 жылдың жазында болған оқиға. Бұл оқиға 80-ші жылдардың аяғында Оңтүстік Корея көрмеген жаппай антиамерикандық демонстрацияларға ұласқан. Кезекті әскери жаттығу кезінде Сеулдің шет жағында маневр жасап, екі американдық сержант басқарған американдық бронетранспортер 14 жастағы екі оқушыны соқты. Әскери қызметшілерге адам өліміне байланысты айып тағылды, бірақ жаппай антиамерикалық наразылықтардың басталуына себеп болған американдық трибунал тарапынан толық ақталды [5].

SOFA келісіміне сәйкес, АҚШ әскерлері, егер олар Корей Республикасының азаматтарына қарсы қылмыс жасаған болса да, жергілікті сот төрелігіне берілуге жатпайды. Бұл факт SOFA-ға наразылық білдіруге бірнеше рет себеп болды және бұл жағдай да ерекшелік емес. Өз кезегінде американдық тарап трибуналдың шешімін американдық сот жүйесінің нәтижеге емес, ниеттерге бағытталғандығымен және корей халқы өздерінің конфуцийлік құндылықтарымен мұны басқаша қабылдайтындығымен негіздеуге тырысты. Корейлердің өздері құндылықтар мен сот жүйелеріндегі ешқандай айырмашылық толықтай адам өлтіру фактісін негіздей алмады деп түсіндірген. Ашу және дәрменсіз сезінген кәрістер американдық әскерлерді елден шығаруды талап етіп көшеге шықты. Кейбір мәліметтер бойынша, ереуілге 100 мыңнан астам кәріс қатысты. Корей студенттері американдық сарбаздарға қарсы атқылау қоспасын қолданған және олардың әскери базаларына кіруге тырысқан жағдайлар тіркелген. Қайта процесті, сондай-ақ Корея сотының АҚШ әскери күшіне қатысты өкілеттіктерін кеңейтуді талап еткен демонстранттар Джордж В. Буштың ресми кешіріміне қарамастан, олар 3 айдан кейін ғана жеткізілді. Олар американдық жалаушаларды өртеп, антиамерикандық ұрандар айтты. Оқиғалардың мұндай нәтижесін ешкім қанағаттандыра алмады. Мәселе мынада, Батыс сот жүйесінде қылмыс жасады деп айыпталған кез келген адам кінәсі дәлелденгенге дейін кінәсіз деп саналады, бірақ Конфуций қоғамында, егер адам қылмыс жасаған болса, ол алдымен өз кінәсін мойындап, өкініп, жазаға салынады.

Осылайша, Оңтүстік Кореяда антиамериканизмнің негізгі себебі АҚШ-тың Оңтүстік Кореяда болуы туралы тұжырым жасау қиынға соқпас. Жағдай күрделене түседі, өйткені АҚШ әскерлерінің қылмыстары Оңтүстік Кореяда сотталуға жатпайды, ал Америка трибуналының шешімдері кәріс халқын әрқашан қанағаттандыра бермейді. Сонымен қатар, Кореяға ұлтшылдық сезімдерінің артуы тән, ал олардан кейін американдыққа қарсы күштер, өйткені Америка Құрама Штаттары өзінің одақтастарының саясаты мен экономикасына қысым көрсетуге ұмтылатын ең ықпалды күштердің бірі болып саналады. Алайда, жақында Корея Республикасының қоғамдық-саяси өмірінде америкаға қарсы бағыттағы күрделі қақтығыстар болған жоқ. Бұдан шығатын қорытынды, XX ғасырдың екінші жартысындағы американдыққа қарсы пікірлердің өзегі болған сол және студенттік қозғалыстардың төмендеуі. Бұған көбіне Солтүстіктің ядролық қатерінің артуы және Қытайдың агрессивті саясаты ықпал етеді. Мұндай жағдайда Оңтүстік Корея мен оның халқы Американы - оның негізгі одақтасы мен қорғаушысына қарсы тұрудың пайдасы жоқ.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, американдыққа қарсы наразылықтардың күшеюіне қарамастан, Оңтүстік Кореядағы антиамериканизм американдықтардың қатысуына қарсы жаппай халықтық наразылық түрінде көрінісін жалғастыра алады деп болжауға болады, өйткені SOFA кейбір ережелерінің әділетсіздігі мәселесі бірінші немесе екінші рет қарау кезінде шешілмеген шарт талаптары бар. Американдық әскерге тікелей немесе жанама түрде қандай да бір қылмыс немесе оқиға орын алғанда, корейлер тағы да көшеге антиамерикандық ұрандармен шығады. Жалпы Америкаға деген қарсылық туралы айтатын болсақ, егер Америка Құрама Штаттары әлемде жетекші рөлге ие деп үміттенген болса, бұл құбылыс сөзсіз Америкамен бірге жүреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. O'Connor B. A brief history of anti-Americanism: from cultural criticism to terrorism // Australian Journal of American Studies. 2004. P. 78.
2. Ланьков А. Внуки Ленина на берегах Хангана: Корейское левое движение // Сеульский вестник. URL: <http://vestnik.kr/articles/historypage/3337.html> (дата обращения: 04.05.2015).
3. Status of forces agreement. URL: <http://www.globalsecurity.org/military/facility/sofa.htm> (дата обращения: 12.05.2015).
4. Statistic on crimes committed by US troops in South Korea. URL: <http://www.iacenter.org/Koreafiles/ktc-civilnetwork.htm> (дата обращения: 12.05.2015).
5. Военнослужащие США убили в Южной Корее двух девушек. URL: http://www.newsru.com/world/13Jun2002/usa_korea.html (дата обращения: 15.05.2015).

УДК 327.8

ПОМЕНЯЕТ ЛИ ПАНДЕМИЯ МИРОУСТРОЙСТВО

Житниковская Диана Олеговна

lbvfv17112001@mail.ru

Студент 1 курса кафедры международных отношений

Факультета международных отношений

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – Б.М. Батишева

Реакция на всемирную пандемию коронавируса COVID-19 позволяет сделать стратегические выводы о глобальной политике. По большей части эти выводы неутешительны для стран, которые мнили себя центром однополярного мира.

С окончанием холодной войны и распадом Советского Союза биполярная модель международных отношений перестала существовать, и именно ЕС представился шанс на получение статуса одного из центров мировой экономики и политики. «Сейчас ЕС является одним из трех основных и самых развитых центров мира наряду с такими странами, как США и Япония, на него приходится почти четвертая часть объемов мировой торговли. ЕС крупнейший импортер сельскохозяйственных продуктов и сырья, он поддерживает дипломатические отношения с более чем 130 странами мира и участвует в работе Организации Экономического Сотрудничества и Развития. Однако, несмотря на такие весомые показатели, ЕС сегодня переживает не самые лучшие времена. Ряд проблем политического, экономического и идеологического характера ставят под сомнение развитие глобализационных процессов в еврозоне, к тому же при значительных различиях в интересах, страны-члены союза очень неохотно идут на компромиссы [1].

Актуальность данной проблемы, в связи с последними событиями заключается в том, что пандемия коронавируса вероятно преподнесет существенные изменения в мировое устройство и будет поводом для реконструкции внешней политики стран ЕС. Целью